



БЕКІТЕМІН
АҚ ректоры
М.Рысбеков
20 24 ж.

ЕРЕЖЕ
профессор-оқытушылар құрамын аттестаттау туралы

П 492-2024

Күні	Көшірме	Басылым
		Бірінші

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі		П 492-2024
Профессор-оқытушылар құрамын аттестаттау туралы Ереже		Басылым №1 17 беттің 1 беті

1 «ОҚМА» АҚ кадрлық қызмет бөлімі дайындаған және енгізген

2024 ж. «21» 08 хаттама № 01

2 ОҚМА» АҚ Ғылыми Кеңесінің 2024 ж. «28» 08 хаттама № 01 шешімімен келісілген.

Тексеру жиілігі – 3 жыл.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі	П 492-2024	
Профессор-оқытушылар құрамын аттестаттау туралы Ереже		Басылым №1 17 беттің 1 беті

МАЗМҰНЫ

1.	НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	4
2.	ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕУЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР	4
3.	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	5
4.	АТТЕСТАТТАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ	6
5.	АТТЕСТАТТАУДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ	7
6.	ШАҒЫМДАНУ ТӘРТІБІ	9
7.	ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	9

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі	П 492-2024	
Профессор-оқытушылар құрамын аттестаттау туралы Ереже		Басылым №1
		17 беттің 1 беті

1 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Ереже келесі нормативті құжаттардың талаптары негізінде әзірленді:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі, 2015ж. 23.11. № 414-V (өзгерістер мен толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңы» 04.07.2018ж. №171-VI (өзгерістер мен толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» 2015ж. 18.11.№410-V Заңы, (өзгерістер мен толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018ж. 30 қазандағы №595 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік кағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

2. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕУЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы құжатта келесі терминдер, анықтамалар белгілеулер мен қысқартулар пайдаланылды:

«ОҚМА» АҚ	- «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғамы,
ПОҚ	- профессорлық-оқытушылық құрам,
АК	- Аттестациялық комиссия,
ҰТЕО	- Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы,
ҚР ҒжЖБМ	- Қазақстан Республикасының Ғылым және Жоғары білім министрлігі,
КҚБ	- Кадрлық қызмет бөлімі.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі		П 492-2024
Профессор-оқытушылар құрамын аттестаттау туралы Ереже		Басылым №1 17 беттің 1 беті

3 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

3.1. «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік Қоғамының Ереже (бұдан әрі – Академия) профессорлық-оқытушылар құрамын аттестаттау тәртібі туралы Ереже (бұдан әрі – Ереже) Академияның Жарғысына, Кадрлық саясатқа сондай-ақ нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді:

3.2. Профессорлық-оқытушылар құрамын (бұдан әрі ПОҚ) аттестаттау атқаратын лауазымына сәйкестігін белгілеу және растау мақсатында кәсіби қызметін объективті және жан-жақты бағалау негізінде жүзеге асырылады. Барлық штаттық ПОҚ аттестациядан өтеді.

3.3. Аттестаттау екі кезеңде жүзеге асырылады:

- 1 – кезең тестілеу мамандық бойынша және педагогика (зейнеткерлік жастағы педагогикалық қызметкерлерді қоспағанда) бойынша Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығының (бұдан әрі – ҰТЕО) базасында өтеді. Фармацевтикалық өндіріс технологиясы және инженерлік пәндер кафедраларының профессорлық-оқытушылар құрамы академияның компьютерлік тестілеу және баспа орталығында (бұдан әрі – КТБО) мамандық және педагогика бойынша тестілеуден өтеді;

- 2 – кезең үміткердің портфолиосын қарау және сұхбаттасу (барлық штаттық ПОҚ).

3.4. Сыртқы және ішкі бағалаудың объективтілігін, жүйелігі мен тұтастығын қамтамасыз ететін ашықтық пен алқалылық - аттестаттаудың негізгі принциптері болып табылады.

3.5. ПОҚ 3 жылда бір реттен кем емес аттестаттаудан өтеді.

3.6. Ереже келесі санаттағы лауазымдарға тиісті:

- кафедра меңгерушісі, профессор, доцент/қауымдастырылған профессор, аға оқытушы, оқытушы, ассистент.

3.7. Жұмыскерлердің келесі санаттары аттестаттаудан босатылады:

- штаттық лауазымды 3 жылдан кем атқарған жұмыскер;
- жүктілік пен босануға арналған демалыстағы, сондай-ақ 3 жасқа дейінгі бала күтіміне байланысты ақысыз демалыстағы жұмыскер;
- ішкі және сыртқы қосымша жұмыскерлер;
- зейнет жасына жеткен ПОҚ Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы өткізетін тестілеуден босатылады.

3.8. Жұмыскерді аттестаттау келесі жағдайларда кейінгі мерзімдерге қалдырылуы мүмкін (растайтын құжаттар болған жағдайда):

- ұзақ мерзімді еңбекке жарамсыздығы кезінде;
- ұзақ мерзімде қызметтік іссапарда болу;

3.9. ПОҚ атқаратын лауазымына сәйкестігін аттестаттауды академияда тұрақты түрде жұмыс жасайтын аттестаттау комиссиясы оқу жылы ішінде жүргізеді.

3.10. Аттестаттауды ұйымдастыруға жауапты кадрлық қызмет бөлімі болып табылады (бұдан әрі КҚБ).

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1879-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі		П 492-2024
Профессор-оқытушылар құрамын аттестаттау туралы Ереже		Басылым №1 17 беттің 1 беті

4 АТТЕСТАТТАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

4.1. ПОҚ атқаратын лауазымына сәйкестігі бойынша аттестаттациялық комиссияның құрамы (бұдан әрі аттестациялық комиссия, АҚ) академия Ректорының бұйрығы негізінде құрылады.

4.2. Аттестаттау комиссиясы тақ санды (кемінде жеті комиссия мүшесі) келесі құрамда құрылады:

1) аттестаттау комиссиясының төрағасы – академия басшысының орынбасары (проректор);

2) аттестаттау комиссиясының мүшелері – академияның штаттық қызметкерлері қатарынан;

3) аттестаттау комиссиясының хатшысы академияның штаттық қызметкері болып табылады. Аттестаттау комиссиясы шешім қабылдау кезінде аттестаттау комиссиясы хатшысының дауыс беру құқығы жоқ;

4) аттестаттау комиссиясының құрамына сыртқы тәуелсіз бақылаушылар енгізілуі мүмкін.

4.3. Аттестаттау комиссиясының негізгі міндеттері:

1) аттестаттаудан өтетін тұлғаның портфолиосын қарау;

2) атқаратын лауазымына сәйкестігіне аттестаттаудан өтетін тұлғамен әңгімелесу және қызмет нәтижелерінің жан-жақты талдамалық қорытындысын өткізу;

3) аттестаттау нәтижелері бойынша шешім қабылдау.

4.4. Аттестаттау комиссиясының төрағасы аттестаттау комиссиясының қызметіне басшылық жасайды, отырыстарға төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды. Аттестаттау комиссиясының хатшысы комиссия отырысына материалдарды дайындайды және хаттамалар ресімдейді.

4.5. Аттестаттау комиссиясының отырысы құжаттарды қабылдау аяқталғаннан кейін он төрт күнтізбелік күн ішінде өткізіледі.

4.6. Аттестаттау комиссиясының мүшелерін ауыстыруға, сонымен қатар аттестаттау комиссиясы мүшелерінің жалпы санының 2/3-тен кем қатысу жағдайларында, Төраға болмағанда аттестаттау комиссиясы отырысын өткізуге рұқсат етілмейді.

4.7. Аттестаттау комиссиясының шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

4.8. Дауыс беру нәтижелері аттестаттау комиссиясы мүшелерінің көпшілік дауысымен анықталады. Дауыстар тең болған жағдайда аттестаттау комиссиясы төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

QNTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі	П 492-2024	
Профессор-оқытушылар құрамын аттестаттау туралы Ереже		Басылым №1 17 беттің 1 беті

5 АТТЕСТАТТАУДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1. Аттестаттауға жататын қызметкерлер үшін кадрлық қызмет бөлімінің ұсынуы негізінде ректордың бұйрығы шығарылады.

5.2. Аттестаттауды өткізу кестесін аттестаттау комиссиясының төрағасы бекітеді.

5.3. Аттестаттауды өткізу мерзімі туралы хабарландыруды КҚБ Академияның ақпараттық ресурстары арқылы жүзеге асырады.

5.4. Аттестаттауға жататын қызметкерлер аттестаттау комиссиясының хатшысына аттестаттау өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей өтініш (А қосымшасы) мен құжаттарды (Б қосымшасы) береді.

5.5. Осы Ережеде көзделген тізбеге (ПОҚ үшін В қосымшасы) сәйкес құжаттардың толық емес топтамасын ұсыну өтінішті қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылады. Кафедра меңгерушісі аттестаттау комиссиясына құжаттардың толық топтамасын уақтылы ұсынуға, сондай-ақ кафедраның ПОҚ аттестаттау процесіне қатысуына жауапты болады.

5.6. Аттестаттау комиссиясының хатшысы аттестаттау үшін қызметкерлердің құжаттар топтамасын қабылдайды, аттестаттау жөніндегі құжаттарды тіркеу журналына тіркейді.

5.7. Академияның сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімі аттестаттау басталғанға дейін аттестатталатын қызметкерге білім алушылардың сауалнамасының нәтижелері туралы мәліметтерді аттестаттау комиссиясының хатшысына ұсынады.

5.8. Хатшы аттестатталатын қызметкерге аттестаттау парағын нысан (Г қосымша) бойынша ресімдейді және аттестаттау комиссиясына жібереді.

5.9. ПОҚ аттестаттау "ОҚМА" АҚ "профессор-оқытушылар құрамы және ғылыми қызметкерлер лауазымдарының біліктілік сипаттамаларына" сәйкес және есепті кезеңдегі (соңғы 3 жыл) қызметкер қызметінің қорытындыларын бағалау негізінде жүргізіледі.

5.10. Аттестаттау екі кезеңде өткізіледі:

- 1-кезең Ұлттық Тәуелсіз емтихан орталығының (бұдан әрі – ҰТЕО) базасында мамандығы және педагогика бойынша тестілеу (зейнеткерлік жастағы ПОҚ-дан басқа). Фармацевтикалық өндіріс технологиясы және инженерлік пәндер кафедраларының ПОҚ академияның компьютерлік-тестілеу және баспа орталығында (бұдан әрі – КТБО) мамандық және педагогика бойынша тестілеуді тапсырады;

- 2-кезең аттестатталушының портфолиосын қарау және әңгімелесу өткізу (барлық штаттық ПОҚ).

5.11. Әңгімелесу алдында аттестатталатын қызметкер болмаған кезде аттестаттау комиссиясы ұсынылған құжаттарды зерделейді. Әрбір кандидатура бойынша аттестаттау комиссиясының отырысында хатшы құрылымдық бөлімше басшысының мінездемесін тиісті ұсыныммен (оқытушыға – кафедра меңгерушісі, кафедра меңгерушісіне – декан) жария етеді.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі	П 492-2024	
Профессор-оқытушылар құрамын аттестаттау туралы Ереже	Басылым №1 17 беттің 1 беті	

5.12. Әңгімелесу барысында аттестаттау комиссиясының мүшелері лауазымдардың біліктілік сипаттамаларын және Академия бөлімшесінің бейінінің ерекшеліктерін ескере отырып, қызметкерге оның кәсіби, жеке қасиеттерін және есепті кезеңдегі қызметінің қорытындыларын бағалау мақсатында сұрақтар қояды.

5.13. Аттестатталатын қызметкердің қатысуынсыз әңгімелесу нәтижелері бойынша аттестаттау комиссиясы мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- атқаратын лауазымына сәйкес келеді;
- қайта аттестаттауға жатады;

5.14. Қайта аттестаттау осы Ережеде айқындалған тәртіппен алдыңғы аттестаттау комиссиясы шешім шығарған күннен бастап 3 ай өткен соң өткізіледі. Қайта аттестаттау нәтижелері бойынша аттестаттау комиссиясы мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- атқаратын лауазымына сәйкес келеді;
- атқаратын лауазымына сәйкес келмейді.

5.15. Аттестаттау комиссиясының қызметкердің атқаратын лауазымына немесе біліктілігінің жеткіліксіздігі салдарынан атқаратын жұмысына сәйкес келмеуі туралы шешім қабылдауы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 52-бабы 1-тармағының 4) тармақшасының негізінде еңбек шартын бұзу үшін негіз болып табылады.

5.16. Аттестатталушы дәлелді себеппен аттестаттау комиссиясының отырысына келмеген кезде оны аттестаттау комиссиясының жұмысы кезеңінде жұмысқа шыққаннан кейін жүргізіледі.

5.17. Қызметкер аттестаттауға өтініш пен құжаттарды уактылы бермеген және (немесе) қызметкер дәлелсіз себеппен әңгімелесуге келмеген жағдайда, аттестаттау комиссиясы қызметкердің атқаратын лауазымына сәйкес еместігі туралы шешім шығару құқығын өзіне қалдырады.

5.18. Аттестатталатын қызметкермен әңгімелесуден кейін аттестаттау комиссиясының мүшелері өз таңдауын білдіре отырып шешім қабылдайды ("атқаратын лауазымына сәйкес келеді"; "қайта аттестаттауға жатады", ал қайта аттестатталған жағдайда "атқаратын лауазымына сәйкес келеді", "атқаратын лауазымына сәйкес келмейді").

5.19. Егер дауыс беруге аттестаттау комиссиясы мүшелерінің жалпы санының кемінде 2/3-і қатысса, аттестаттау комиссиясының шешімі заңды деп есептеледі.

5.20. Аттестаттау комиссиясының қатысып отырған мүшелерінің "атқаратын лауазымын сәйкес" дауыстарының көпшілігін алған қызметкер аттестатталған болып есептеледі.

5.21. Аттестаттау комиссиясының қатысып отырған мүшелерінің көпшілік "қайта аттестаттауға жататын" дауысының көпшілігін жинаған қызметкер қайта аттестаттау рәсімінен өтеді.

5.22. Аттестаттау комиссиясының қатысып отырған мүшелерінің "атқарып отырған лауазымына сәйкес келмейтін" дауысының көпшілігін жинаған қызметкер аттестатталмаған болып есептеледі.

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі		П 492-2024
Профессор-оқытушылар құрамын аттестаттау туралы Ереже		Басылым №1 17 беттің 1 беті

5.23. Әр түрлі қорытындысы бар дауыстар тең бөлінген жағдайда, аттестаттау комиссиясы төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

5.24. Талқылау барысы және аттестаттау комиссиясы қабылдаған шешім хаттама түрінде ресімделеді, оған аттестаттау комиссиясының төрағасы мен хатшысы қол қояды.

5.25. Аттестаттау комиссиясының бекітілген шешімдері аттестаттау парақтарына енгізіледі, оған аттестаттау комиссиясының төрағасы, қатысқан мүшелері және хатшы қол қояды.

5.26. Хатшы қызметкерді аттестаттау комиссиясының шешімімен бір жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етеді.

5.27. Аттестаттаудан өткен қызметкердің аттестаттау парағы және оның қызметтік мінездемесі оның жеке ісінде сақталады.

6 ШАҒЫМДАНУ ТӘРТІБІ

6.1. Аттестаттау комиссиясының шешіміне байланысты барлық даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

7 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

7.1. Осы Ереже Академия ректоры бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

7.2 Ережемен Академияның барлық қызметкерлері танысуы тиіс.

7.3 Осы Ережені, сондай-ақ оған енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды "ОҚМА" АҚ Ғылыми кеңесі бекітеді және оған қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

5.4 Осы Ереже Академия қызметкерлерімен таныстыру және орындау үшін ресми сайтта орналастырылады (<https://skma.edu.kz/>).

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі		П 492-2024
Профессор-оқытушылар құрамын аттестаттау туралы Ереже		Басылым №1 17 беттің 1 беті


Әзірледі:

Лауазымы	Т.А.Ә.	Күні	Қолы
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	Кабиштаев О.А.	21.08.2024	
Кадр қызметі бөлімінің меңгерушісі	Елеусизова Г.Л.	21.08.2024	

Тексерді:

Лауазымы	Т.А.Ә.	Күні	Қолы
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі	Ержанов Н.А.	23.08.2024	

Келісілді:

Лауазымы	Т.А.Ә.		
Бірінші проректор	Есиркепов М.М.	24.08.2024	
Қаржы-шаруашылық қызметі жөніндегі Проректор	Сейтжанова Ж.С.	24.08.2024	
Оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі Проректор	Анартаева М.У.	24.08.2024	
Комплаенс-офицер	Пернебаев Н.А.	26.08.2024	